

«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Салтақова Жанат Тоқтарқызының «Қазақ шежіре жырлары: жанрлық ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы (авторлық жырлар негізінде)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. №98 қаулы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>1) «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.</p> <p>2) Диссертация тақырыбы «Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары» атты бағдарламаға сәйкес орындалған.</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдылығына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазақ шежірелері тарихи-деректанулық мақсатта зерттелгенімен, оның жырға айналған үлгілері мақсатты түрде топтастырылып, жүйеленіп, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының арнайы зерттеу нысаны болған емес. Бұл зерттеу – шежіре жырлар бойынша әдебиеттанудағы алғашқы еңбек. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосып, маңыздылығы

			артады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларынан, диссертациясынан да жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік баяндау стилі анық байқалып тұр. Ғылыми жұмыс – бір қолдан шыққан, біртұтас жұмыс. Отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына орынды сілтеме жасаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақ әдебиеті тарихында шежіре жырлардың шығу тегі мен дамуын жан-жақты саралап, өзге халықтардың шежіре жырларымен салыстырылып, жанрлық сипатын анықтау және поэтикалық ерекшеліктерінің алғаш рет арнайы ғылыми-зерттеу нысанына айналуы – тақырыптың өзектілігін көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны «Шежіре жырлардың қайнар көздері және зерттелуі», «Шежіре жырлардың тарихылығы», «Қазақ шежіре жырларының жанрлық және көркемдік ерекшеліктері, поэтикасы» деп аталатын өзара тығыз байланысты үш тараудан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тараулары және тарауларға қарасты бөлімдерінде қарастырылатын тақырыптар біртұтастықты құрайды. Диссертация жұмысында қаралатын өзекті ойды ашып, белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертация жұмысында мақсаттар мен міндеттер дұрыс қойылған. Жұмыс барысында қолданылған әдістемелер мен әр бөлімнен алынған қорытындылар мен тұжырымдар бір-бірімен үйлесімді. Зерттеуші қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму жолындағы шежіре жырлардың зерттелуін, қалыптасуын, жанрлық ерекшелігі мен типологиясын, сонымен қатар поэтикалық сипатын айқындауды негізгі мақсаты етіп қояды. Осы мақсатқа шежірелердің жырға айналған үлгілерін мақсатты түрде топтастыру, жүйелеу, осы уақытқа дейінгі жарияланған немесе әлі де баспа бетін көрмеген жырларды іздестіру, ғылыми айналымға түсіру, қолжазба үлгілерін араб (қадым, төте), латын жазуларындағы мәтіндерді қазіргі әріпке көшіру, басылымдары мен нұсқаларына тарихи-генетикалық

			<p>зерттеулер жүргізу, шежіре жырлардың қалыптасуы, дамуы, жанрлық сипаты жайындағы осы кезге дейін жарық көрген зерттеу еңбектерді негізге ала отырып, шежіре жырлар тарихи жырлардың бір түрі екендігін дәлелдеу; халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі шежірелік көріністердің, өмірбаяндық (ғұмырнамалық) баяндаулардың көркемдік қызметін айқындау, түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүріне назар аударып, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт халықтарының мұраларымен салыстыра зерттеп, жаңаша пайымдаулар жасау сияқты міндеттерді қою арқылы қол жеткізген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың алғашқы тарауындағы «Шежіре жырлардың зерттелуі», «Түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі» атты тақырыптарда мәселенің қойылысы, шежіре жырлардың зерттелу тарихнамасы, түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі сөз болса, екінші тарауда: «Қазақ шежіре жырларының қалыптасуы мен дамуы», «Қазақ шежіресі және тарихи жад», «Қазақ шежіре жырларын дамытушылар» атты тақырыпшаларда шежіре жырлардың тарихилығы, тарихи жад мәселесінің маңыздылығы, халық ақындары шығармашылығындағы шежіре жырлардың маңыздылығы өзара тығыз байланыста қарастырылады. Ал, үшінші тарауда «Шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік», «Жанрлық ерекшеліктері» деп аталатын тараушаларда диссертация тақырыбына қатысты мәселелерді теориялық тұрғыдан қарастырып, өзіндік тұжырымдар жасаған. Диссертацияның құрылымы негізгі тақырыпты ашуға жан-жақты бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан ой-тұжырымдар да өзара сабақтастып жатыр. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері өзара үндесіп, бір-бірінен туындап тұр.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Осыған дейін мамандар</p>

		салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өтіп отырады. Өзіндік тұжырымдар, тың пайымдар, сыни талдау бар. Мәселен, (100-107-беттер) ізденуші шежіре жырларда ата-тек таратумен қатар, алуан түрлі этнографиялық, генеалогиялық және тарихи-ақпараттық сюжеттер мен мағлұматтар тоғысып жатқандықтан, оның жанрлық болмысы да күрделі болып келетіні дей келіп, осындай ерекшеліктерін ескере отырып, шежіре жырларды мазмұны бойынша үш топқа жіктеп қарастырады: 1. Жалпы адамзат баласы туралы шежіре жырлар; 2. Қазақтың ру-тайпалары туралы шежіре жырлар өз руынан бастап жалпы адамзатқа ортақ шежіреге ұластырады. 3. Белгілі тарихи тұлғаларға қатысты шежіре жырлар. Жеке өз руының тарихы, не сол рудан шыққан атақты адамның шежіресін тарқату. Және аталған үш топқа шежіре жырлардан мысал келтіре отырып, дәлелдеген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының отандық әдебиеттану саласында алғаш рет қолға алынып отырған мәселе болуына байланысты жаңашылдық деңгейі де жоғары. Әдебиеттану тұрғысынан жасалған талдаулар жаңа нәтижелер алуға қол жеткізген. Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың барлығы дерлік жаңа деуге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдауларға негізделген. Шежіре жырлардың тарихилығы, тарихи жад, ұлттық код тұрғысынан қызықты әрі ғылыми нанымды, дәлелді түрде сараланған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертация қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты өзгеше орындалуына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Әр тарау соңында жасалған талдаулар негізінде нақты қорытындылар жасалып отырады. Диссертациялық жұмыс соңында солардың негізінде жалпы қорытынды жасалады. Талдау, деректерді сараптау кезінде қоғамдық, және гуманитарлық ғылымдардың зерттеу әдістері мен олардың тұрақтаған белгілі теориялық пайымдары қажетіне қарай пайдаланыла отырып, негізгі қорытындылар кең түрде дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Негізгі қағидаттар толық дәлелденген. Диссертация көлемінде автор негізгі 7 қағидатты айқындаған. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған.</p> <p>7.2. Әрбір қағидат тривиалды емес деп саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған.</p> <p>7.3. Мейлінше жаңа. Әдебиеттану саласындағы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы қарастырылған емес. Сол себепті нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең. Әдебиеттану, фольклор, тарих және этнография салаларында кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>7.5. 2018-2022 жылдар аралығында автордың 7 мақаласы жарық көрген. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Соның ішінде атап айтсақ, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы, Ә.Бөкейханов, Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов,

ақпараттың дәйектілігі		<p>Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбраев, Б.Әзібаева, А.Сейдімбек, К.І.Матыжанов, М.Мағауин, З.Сейітжанұлы, Т.Әлбеков, Т.Тебегенов сынды т.б. ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылған. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты шетелдік зерттеушілердің: Н.А.Веселовский, В.М.Жирмунский, В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов, Е.М.Мелетинский, Р.Г.Кузеев, К.Райхл, Су Бихай, С.Аттокуров, С.Зәкиров, М.Ахматжанов, М.З.Закиев, Ш.Марджани еңбектеріне назар аударып, зерттеулері зерделенген.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары шежіре жырларды талдауға негізделген. Атап айтсақ, «Қазақ шежіре жырларының қалыптасуы мен дамуы» атты тараушада (38-б.) шежіре жырлардың пайда болып, қалыптасуын айқындайды. Ертедегі түркі тектес халықтар бірлестігі, Алтын Орда, Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы құрылған кезеңдерден басталатыны, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазулар, көне түркі дастандары, шежірелік аңыздар, айтыстар, эпостар мен жыраулар поэзиясында, мақал-мәтел, қазақ әндері мен күйлеріндегі кездесетін шежіре тарқату көріністерін мысалға келтіре отырып, аталған ауыз әдебиеті жанрларында шежірелік белгілер байқалғанымен, нақты, толыққанды көріністер жоқ деген тұжырым жасайды. Нақты шежіре тарқату дәстүрі көріністерін халық ақындары туғызған дастандар мен тарихи жырлардан анық аңғаруға болатыны пайымдайды. Диссертациялық жұмыста шежіре жырлардың даму,</p>

			қалыптасу кезеңдері сипатталап, алғаш рет тарихнамасы жасалған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Автор зерттеу барысында мүмкіндігінше шежіре, ауызша тарих, шежіре жыр, шежіре айту дәстүрін әр қырынан сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін және эмперикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Библиографияда әдебиеттану бағытындағы шетелдік, отандық ғалымдардың теориялық және арнайы сипаттағы әдебиеттерден тұратын 153 дереккөз атаулары бар. Сонымен қатар ізденуші еліміздегі және Қырғызстан, Башқұртстан Республикаларындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан материалдар пайдаланған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеттануы, фолькору және этнографиясы салаларының дамуына нақты үлес қоса алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған филология саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін фольклортанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады. Ауыз әдебиеті саласын зерттеушілер үшін бұл еңбектің бағыт берерлік, ой саларлық үлесі болмақ.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып	Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.

		табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация ғылыми стильмен, нақты дерек-дәйектерді талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып жазылған.

Докторант Салтакова Жанат Тоқтарқызына «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ шежіре жырлары: жанрлық ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы (авторлық жырлар негізінде)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы үшін философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология ғылымдарының докторы профессор (жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)



Рахимов Берік Серікбайұлы

Қолданған рас тәйімі
С.А.